ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 маусым № 5165-24-00-2/1414 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Д.А.Бейсембекова, оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Profit Investment» атынан әрекет етуші Олег Игоревич Ен

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот,**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Төлеби аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Profit Investment» атынан әрекет етуші Олег Игоревич Ен мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «Profit Investment» атынан әрекет етуші Олег Игоревич Еннен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұл 28 585,50 (жиырма сегіз мың бес жүзсексен бес) теңге 50 (елу) тиын және мемлекеттік баж 2 704 (екі мың жеті жүз төрт) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 25.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Бейсембекова Д. А., 05.08.2024
5165-24-3-1/1395

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегісот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 25.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Бейсембекова Д. А., 05.08.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -